

ЖАРКЕНТ



Айнасы

№4 (27), 29 ақпан, сенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

БАБА ЕСІМІН БАҒАЛАЙТЫН, АТА АРУАҒЫН АРДАҚТАЙТЫН САНАСЫ СЕРГЕК, КӨКІРЕК КӨЗІ ОЯУ АЗАМАТТАРҒА



ҮНДЕУ

Ардақты ағайын! Құрметті бауырлар!

Біз, бүгінгі ұрпақ – бақыттымыз. Тәуелсіз елміз. Өз еркіміз өзімізде. Басқа мемлекеттермен тереземіз тең, керегеміз кең қалыпта тыныш ғұмыр кешіп, өркениеттің өріне өршілдікпен өрлеп келеміз.

Әйтсе де, осынау бейбіт өмірдің берекесін, егемендіктің мерекесін сезінген сайын біз өткен шақты әрқашан еске алып тұруға тиіспіз деп есептейміз. Өйткені, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін-жерін қорғап, «мың өліп, мың тірілген», біздің ұрпақтың қазіргідей шат-шадыман шаттықта өмір сүруіне өлшеусіз еңбек сіңірген батыр ата-бабаларымыздың, аға ұрпақтың тарихтағы орны айрықша.

Рас, қазір ауданымыздың әрбір елді мекенінде дерлік сонау өткен ғасырдың басындағы төңкеріс жылдары мен Екінші дүниежүзілік соғыстың сұрапыл кезеңінде қаһармандық көрсеткен ерлерімізге, сондай-ақ, ауған жерінде интернационалдық борышын өтеген жауынгерлерге арналған ескерткіштер орнатылған. Егемендік алып, ес жиган соң ақтандық жылдардағы есіл ерлерді де еске түсіріп, «желтоқсандық» боздақтарымызды жоқтадық. Тіпті Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі халықтық батырларымызды да түгендеп, есімдерін ұлықтадық. Бәріне болмаса да бірталайына еңселі ескерткіш тұрғыздық. Жаркент қаласында, басқа да ауыл-ауылда көше атауларын бердік. Бұл – әрине, өте орынды іс болды. Себебі, болашақ үшін, ұрпақ қамы үшін қызыл қанын, қара терін төккен аға буынның ерен ерлігі мен еселі еңбегін жастарымыздың санасына сіңіріп отыру – барынша маңызды, мейілінше тағылымды.

Баршаға аян, негізінде тамырсыз ағаш болмайды, тақырға шөп шықпайды. Өсетін, көгеріп-көктейтін дән де құнарлы топырақтан қуат алады. «Барша адамзаттың Адам атадан басталғаны сияқты, бүкіл қазақтың шежіре атаулысы Атам қазақтан бастау алатынын әрбір қазақ жүрегінің төрінде ұстауға тиіс» деп «Қазақстан – 2050 стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасымыз атап өткендей біздің барлық бейлі-берекеміздің, батырлығымыздың бастауы – ұлттық ұлағатымызда. Яғни, соңғы ғасырлардың, кейінгі жылдардың еншісіндегі елдігіміз бен ерлігіміз арғы ата-бабаларымыздың салт-дәстүрінен басталып,

сабактасып жатыр. Осы орайда айтарымыз: бүкіл бүтіндей «қазақ» атты қабырғалы ұлттың бөлінбес бір бөлігі есімін иеленіп отырған Суан бабамыздың да тарихтағы орны ерекше. Осынау дана да, дара тұлғалы батыр бабамыз туралы аңыз да, эпосана да көп. Ал, аңыз түбі – ақиқат. Сонымен қатар бабамыз хақында тарихи деректер де көп. Атақты Бурабай көлі маңында Абылай хан ту тіккен орда орнында бүгінде арнайы мұражай бар. Ондағы деректерде Суан баба туралы мәліметтер жазылып, таңбасы бедерленген. Жауға шапқандағы ұраны «Байсуан» екені баяндалған. Ежелден-ақ елдің шетінде, желдің өтінде, жаудың бетінде ғұмыр кешіп, күллі кең-байтақ қазақ даласының оңтүстік-шығыс шебіндегі қақпасын берік ұстап тұрған осы батыр бабамыздың өршіл рухы, қаһармандық қасиеті кейінгі ұрпақтарына дарығанына да одан соңғы әрқилы тарихи кезеңдер нақты куә.

Өздеріңізге мәлім, осыдан біраз жылдар бұрын осынау ел бастаған көсем, жау жасқаған батыр Суан бабамызға ежелден ең жайлаған өлкесі – жазиралы Жаркент жерінде есімін ұлықтап, еңселі ескерткіш орнатуға талпыныс жасалған болатын. Жалпы жұртшылық, оның ішінде Суан баба ұрпақтарымен қатар басқа бауырластар да, тіпті өзге ұлттардың өкілдері де өздерінің шама-шарқынша қаржылай көмектерін көрсетті. Мұғалімдер мен дәрігерлер, сондай-ақ, бірқатар мекемелер мен кәсіпорындардың ұжымдары бір-екі реттен бір күндік жалақыларын жинап, баба ескерткішін жасатуға өз үлестерін қосты. Алайда, амал қанша, ел-жұрт сеніп, осы істің тізгінін ұстатқандардың орта жолда дәрмені кетіп, дінкелеп қалды. Олардың айтуынша игі шара қаражаттың жетіспеушілігінен қаңтарылып қалған. Жасыратыны жоқ, қазір қасиетті бабамызға арналады деген еңселі ескерткіштің қанқасы тура үлкен жолдың бойында көзге күйік, көңілге көлеңке болып қалқайып тұр. Айналасындағы атшаптырым жер құл-қоқыс төгетін алаң секілді. Қоршаған қоршауы мал қораның шарбағы тәрізді...

Ардақты ағайын! Қымбатты бауырлар!

«Атасын ұмытқан батасыз қалады» дейді қазақ. Бір сәт тереңнен толғана ойланайықшы. Жан-жағымызға жанарымызды қадап, сергек сезіммен қарайықшы. Біз кімнен кембіз?! Кімдерден кедейміз?! Біз де ар-абыройы - асқак, намысы - найзағай елдің ұрпақтары

АЛТЫНКӨЛДЕГІ АҚҚУ

Жер бетінде көптеген көрікті мекендердің бар екені баршаға мәлім. Дегенмен өз туған жерінің топырағы ыстық екені риясыз шындық. Ия, шындығында «Әркімнің туған жері – Мысыр шары» дейді емес пе?! Туған ауылым Пенжімнің тау мен тасы, қияндағы құстары, әрбір гүл шоқтары, түздегі алқаптары әрқашан жүрек түпкірімде болмақ. Алтынкөл, Дүбшінкөл, Жидекөл, Құркөл, Сарыкөл секілді көлдер ауылымыздың тарихымен тамырлас.

Алтынкөл – бейне бір табиғаттың айнасы іспеттес. Қоғалы көл ретінде танылған бұл шалқарды көптің сөзіне қарағанда аққулар мекен еткен екен. Осы әңгімені бастағанда әкем, «біз 6-7 сынып оқып жүргенде сол көлге балық аулауға баратынбыз. Шынында да сұлулық бейнесі саналатын аққуларды көретінбіз. Бір күні көлге орыс аңшылары келді. Сәлден кейін мылтық дауысы естілді. Жүгіріп барсақ, әлгі аңшылар аққу құстың біреуін атып алыпты. Сол жылдардан кейін Алтынкөлге аққу қонғанын көрмейтін», – деп еске алады. Расында ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында жазғандай аққулар тек қана тыныштықта ұйықтайды, олар бір шошынса екінші рет қайта оралмайды. «Аққу кетті – береке кетті» деген осы шығар бәлкім.

Бұрынғы кездері балықтары өте ірі, тіпті қармақты майыстырарлықтай салмақтары болған еді дейді тұрғындар. Ал қазір балықтардың майдаланып, көлдің көркінің қашуы – сол аққулардың киесі деп ойлаймын. Бірақ сол аққулардың жүрек жылулығы туған жерлерінде қалғаннан ба, Алтынкөлдің суы қашанда жылы болып тұрады. Менің пайымдауымша Алтынкөл атауы осы киелі құс аққуға байланысты. Қазақ халқы тазалық пен сұлулықтың, махаббаттың символы ретінде қарайтын аққу өзінің ұясын кез-келген көлге сала бермейді. Ол ұя салуға ну қамысты, суы таза әрі тұщы, ірі көлдерді таңдап алады. Осының өзінен Алтынкөліміздің табиғатының тамашалығын байқауға болады. Ағаштарының өзі көлге табынатындай – аққу мойны секілденіп иіліп, сұлулыққа жол беріп тұрады. Мөлдір тұнық сулары да дәл бір аққу махаббаты реуішті өте шынайы тербеліспен толқиды. Тазалықты танытқан жағасындағы ақ шағыл құмдарының ыстықтығы сыңарынан айрылған аққудың көз жасының тамшысына буланып жатқандай әсер қалдырады. Алтынкөл – тек аққуын сағынып жүргендей. Шынымен де, аққулар қашан оралар екен?...

Осындай көркем табиғатты жеріміздің таулы шыңдары қатарында Кеңсай, Желсай, Бестобе, Ақтекше, Көктекше сияқты сайларымыз жатады. Ауылымызға қарасты жер ең әуелі Кеңсайдан бастау алады. Кеңсай аталығының мәні – тауға апарар жол тараптарында сай аңғарының кең болуына байланысты. Ал Желдсайда азанда жел бағыты батыстан шығысқа қарай соқса, іңірде шығыстан батысқа қарай соғады. Атауы да сондықтан Желдсай аталған көрінеді. Жасыл кілемге оранып жатқандай Көктекше жайлауы жанға жайлы, көкорай шөбі мол, мал өрісіне шұрайлы мекен. Мәуіті пүліштей адырлары көз жауын алатындай сондай көркем. Сәуірдің самалды соңғы күндерінде ат үстінде алыстан байқай қалсаң бейне бір сәбидің бесіктен босап, бостандықта керіліп-созылып рахаттанып жатқанындай сезімді ойына келтіреді. Сол бір кереметтей керімсал түзде аунап-аунап алып, асыр салып ойнап кеткің келеді-ау, шіркін.

Айғаным АУХАНБАЙ,
«Жаркент жасуарлары» халық шығармашылық орталығының шәкірті.
9 сынып оқушысы. Пенжім ауылы.

емес пе едік?! Бізді өмірге әкелгенде де ай маңдайлы аналарымыз қалжа жеп, әкелеріміз қуанышқа қарық болған шығар-ау! Үміттерін үкілеп, ата-бабасының атын шығарар, сенімін ақтар азамат болады-ау деп армандаған болар.

Құдайға шүкір, қазір басқаларға жалтақтайтын кеңестік кезең емес. Ел-жұрттың да әл-ауқаты жақсарып келеді. «Отқа оранып, суға сүрініп» жарымай-жалшымай отырған ешкім де жоқ.

Оның үстіне бұл бағытта біз тыңнан тосын іс бастағалы отырған жоқпыз. Күллі республикамызда, оның ішінде бүкіл облысымызда біз үлгі етерлік игілікті жұмыстар әлдеқашан басталып, осындай ел бастаған көсем, қол басқарған бабаларымызға ескерткіштер көптеп орнатылды. Суан баба ескерткіші де солардың қатарын толықтырып, елдігіміз бен ерлігіміздің шығыс шептегі бір жарқын нышаны болады деп ойлаймыз. Жас ұрпақты елін, жерін сүйеге, Отаншылдыққа баулуға үндейтін қасиетті орынға айналады. Ең бастысы – байырғы Ұлы Жібек жолының бойында алыстан менмұдалап, үлкен жолмен ары-бері ағылған алыс-жақын елдерден келген жолдаушыларға елдің иесі, жердің киесі бар екенін ұқтырып тұрғандай болатыны сөзсіз.

Әмбеге аян, елдіктің, ерліктің символына айналатын мұндай еңселі ескерткішті орнату мәселесі қаржыға барып тірелетіні баршаныңа белгілі. «Көп түкірсе – көл», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген. Елін бастап, жерін қорғап ұрпағының, яғни, біздің дәл қазіргідей шат-шадыман шаттыққа толы, бейбіт заманға аман-есен жетіп, жер бетінде бақуатты ғұмыр кешуіміз үшін «күндіз отырмай, түнде ұйықтамай, қызыл қанын, қара терін төккен» асыл бабамыздың – түп әкеміздің есімін ұлықтап, еңселі ескерткіш орнату жұмысын одан әрі жалғастыруға, жетілдіре түсуге, айналасын абааттандыруға әлі де баршамыз белсене атсалысайық! Ата-бабаларымыз алдындағы перзенттік парызымызды өтеу – қасиетті іс екенін естен шығармайық. «Әлі разы болмай, тірі байымайды» дейді. Алла алдағы әрекетіміздің берекетін берсін!

Осынау мәселеге орай анықтана алғысы келгендер болса төмендегі телефондарға хабарласуына болады.
8 701 718 77 67, 8 778 408 90 15, 8 702 588 34 37.

БАЛАНЫҢ БАҒЫН АША БІЛЕЙІК



Жас ұрпақтың қазіргі заман талабына сай сапалы білім алуымен қатар мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыруына мемлекетімізде барлық жағдай жасалуда.

Қазіргі таңда Үкімет қабылдаған «100 мектеп» бағдарламасында жалпы білім беру ошақтарындағы бұрыннан бар спорт алаңдарын ретке келтіре отырып, жаңа спорт инфрақұрылымдарын іске қосу белгіленген.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел аймақтарын аралау барысында оқу орындарының басында болып, дені сау ұлтты қалыптастыру үшін әр мектептерде спортқа ерекше көңіл бөлініп, жергілікті әкімдер мен мектеп директорлары бірігіп, балалық шақтан бастап олардың дене шынықтырумен айналасуына толықтай жағдай жасалуына тапсырма берілуі бәрімізді, әсіресе, балаларды зор қуанышқа бөлеуде.

Бұл ретте Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектебінің бір ерекшелігі ауданда тіркелген 50 мектептердің ішінде бірден-бір кең ауқымды спорт алаңы бар.

Сәтін салса биылғы жылға осы мектеп балансындағы спорт алаңына мемлекеттік тапсырыспен жобалық сметалық құжаттары жасалып, бекітіліп, 200,0 млн теңге қаржы бөлініп, талапқа сай мектеп стадионы салынбақ. Жалпы аумағы 1,5 га аумақты алып жатқан бұл стадион мектеп оқушылары спартакиадасына енетін барлық спорт түрлерін қамтымақ. Айналыра 400 метрлік биік қоршау ішінде арнайы жасанды төсеніш пен үлкен 100 x 54 метр футбол алаңы, жүгіру жолдары, көрермен отыратын трибуналар мен баскетбол, волейбол, гандбол, кіші футбол алаңдары қарастырылған. Ендігі кезекте «тендер» десе «жендер» деп түсінетін кейбір шенеуніктер осы мемлекет бөлген қаржыны қарпып қалатын жемқорлықтан аман шықсақ деген ойдамын.

Аудан мектептері арасында әзірше аумағы жағынан баламасы жоқ мұндай стадионда жалпы спортты дамыта отырып, араларынан шығатын дарындарды ширатып аларымыз сөзсіз. Осы мектеп стадионын салуға сонау 2008 жылы мектебімізге грек-рим күресінен Бейжің Олимпиадасының жүлдегері, жерлесіміз Нұрбақыт Теңізбаевтың келуі оқушыларымызға үлкен әсер сыйлап, болашақ олимпиадашылар біздің де арамыздан шығар деген бағытпен тынбай еңбек етудеміз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей мектептегі дене тәрбиесі кең ұғым. Әр шәкірттің он бір жыл уақытын жалпы орта білім алумен қатар, тәлімді тәрбие алып, спорт арқылы өмірге бейімді тұлға болып осы ортада қалыптасады. Сондықтан мектеп оқушыларының спортпен тұрақты түрде айналысам деушілерге жағдайларының жасалуы, спорт алаңдарының сапалы болуы аса маңызды. Әйтсе де «балаларға базарлық жасап жатырмыз» деген кейбір демеушілер фитнес зал, спорт алаңдарын ашқанымен, оның сағатына ақы төлеуге бала тұрмақ көпшіліктің де жағдайы келе бермейді. Ұрпақ болашағына үлкен орын алатын спортты дамыту, мемлекет саясатының бір бағыты, оған немісқұрайлықпен қарамасақ екен.

Бүгінгі қоғамда бұқаралық спортты дамыту төтенше маңызға ие көкейкесті мәселе. Әрине қай заман, қандай уақыт болмасын жұмысбасты пенде үшін деннің саулығынан асқан байлық болмаған. Сол сияқты тоқсан ауыз сөздің түйінін тобықтай етіп дәл жеткізе білген бабаларымыз да «тәні саудың жаны сау» дейтін өсиет қалдырып, салауатты өмір салтының бағасын әлдеқашан беріп кеткен.

Қазіргі Егемен еліміздің «орда бұзар» отызына келер уақытында тәуелсіз ел тұсындағы тумаларымыз ер жетіп, спортты серік етіп, тер төккен спорт саңлақтарымыздың Олимпиада шындарын бағындырып жатқандарына қарап көңілің жадырайды. Осы арқылы арттарынан ерген жас жеткеншектің ұмтылыстарын аңғарсаң. «Сен нектен бақытты едің келер ұрпақ, қараймын келбетіңе мен таңырқап!» деп болашақ ұрпағының баянды ғұмырын болжап кеткен ақын Қасым Аманжоловтың данышпан демей не дейміз... Алғы күнді көзімен емес, көңіл терезесі арқылы көретін ақындардың қасиетін осыдан кейін мойындамай қайтесің!

Жалпы спорт елдің даңқын асырады демекші «Сау дене, азат ақыл, адал көңіл, үшеуімен бақытты болады өмір» - деп сыршып ақын Мағжан Жұмабаев жырлағандай мектептің басты міндеті білім берумен қатар, жан – жақты жарасымды, жүйелі рухани тәрбие беру және шәкірттерді бейіміне қарай спортқа баулу болып табылады.

Осыны жақсы түсінетіндіктен өзім жұмыс істеп отырған Жамбыл мектебінде үлкен спортқа қанат қағар дарынды балалардың шығуына қолдан келгенше жұмыс жасаудамыз.

Бала деген дайын балқытылған алтын ғой, оны қалай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында. «Шынықсаң шымыр боласың» деген сөздермен оқушыларды тәрбиелей отырып, дені сау ұрпақ қалыптастыруға үлесімізді қоссақ дейміз.

Ендігі арман таланттар молынан шығатын ауылды жерлерден де спорт алаңдарын ашып, жас дарындарды іздеп тауып, олардың жолын ашуға ден қойылса. Бұл бағытта аудан мектеп оқушылары арасында спорттық жарыстарын жиі өткізіп тұрса дейміз. Спортты серік еткен оқушы сабаққа да зейін қойып, құрбы-құрдастарын қоғамдық шараларға тартуда белсенділігімен көзге түседі.

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дегендей арамызда жүрген балалардың бағын ашқан адам ғана ең бақытты адам, өзгелер үшін өмірінді арнап көпшілікті бақытты студент артық мәртебе жоқ» деген ғой даналар.

Болашағымыз осы балалар десек, баланы баптаудан бір сәтке де жалықпайық.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Панфилов аудандық №1
БЖСМ-нің
Жамбыл мектебінің футбол
оқытушы-
жаттықтырушысы.
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
Жаркент қаласы.



ЕРБОЛ ЕСІМІН ДӘРІПТЕЙІК

Тарих беттерін парақтасақ қазақ халқы өзінің ұзақ жылғы тарихында талай қанды қырғынды, зорлық-зомбылықтарды көрді, қасірет шекті. Соның бірі – Алматыда болған жастар көтерілісі. Бұл көтерілістің себебін бір жақты қарап, бір сөзбен айту, түсіндіру мүмкін емес. Сол 1986 жылғы әйгілі Желтоқсан оқиғасына қатысып әділет жолында мерт болған біздің мектебіміздің түлегі, жерлесіміз, бірімізге аға, бірімізге елгезек іні, енді бірімізге үлгілі шәкірт бола білген Ербол Сыпатаев өмірден өткенде, оның жасы небәрі 22-де ғана еді. Тірі болғанда биыл наурыз айының 10-да 55-ке келер еді. Сол жылғы қанды қырғын барысында Ербол сынды бірнеше боздақтарымыздан айрылып, қабырғамыз сөгіліп, қанатымыз қайырылған еді.

«Елу жылда ел жаңа» дегендей, Ербол дүниеге келген 1964-ші жылдан кейінгі 55 жылда еліміз адам танымастай өзгерді. Ербол мен оның жолдастарының әділет іздеген жан айқайларынан кейін көп ұзамай қазақ елінде тәуелсіздіктің таңы атты. Ақыры, ғасырлар бойы халықтың басына үйірілген қара бұлт сейіліп, елдің өз еркі өзіне тиді. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев жыл сайын оны дамытудың саликалы да сындарлы жоспарларын халыққа ұсынып отырды.

Қазіргі таңда Ерболдың туып өскен ауылындағы орта мектеп – 1988 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің қаулысымен Еңбекші орта мектебі Ербол Сыпатаев есімімен аталады. Мектеп жанынан Ербол Сыпатаев атына арнайы мұражай ұйымдастырылған. Мектеп орналасқан көше Ербол есімімен аталады. Ауданымыздың орталық көшелерінің біріне де Ербол есімі берілген. 2008 жылы 16 желтоқсанда Жаркент қаласындағы аудандық мәдениет үйінің алдында желтоқсан құрбандары Ербол мен Ләззатқа ескерткіш орнатылды. Мұндағы өрімдей екі жастың намыс жолында қыршынынан қиылған бейнесін көрген қазақстандықтар өз елінің болашағына сүйсініп, үлкен үмітпен, нық сеніммен қарайды. Оның жасаған ерлігін қазақ халқы мәңгілік ұмытпақ емес. Бұл ерлікті дәріптеу өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты елін, жерін сүйуге тәрбиелеуге қосатын үлкен үлес болмақ. Ербол қашанда бізбен бірге. «Ербол есімі - ел есінде!» дегеніміздің өзі де осы болар. Сондықтан біз Ербол атындағы мектеп ұжымы, оқушылар біртуар батыр Ербол Сыпатаевты «Халық Қаһарманы» атағына лайық деп санап, осы атақтың берілуін сұрап, Ербол есімін дәріптеу үстіндеміз.

Еңлік ТУТКАБЕКОВА,
Е.Сыпатаев атындағы орта
мектептің кітапханашысы.



ЕЛІ ҮШІН ЕШНӘРСЕДЕН АЯНБАҒАН



Өтіп жатқан уақыт-ай десеңші! Құмарбекұлы Нәби марқұмның бұл фәниден өткеніне де 13 жыл болыпты. Марқұмның елі үшін істеген еңбектері бағаланып, Жаркент қаласынан бір көшенің аты беріліп отыр.

Осындай қуанышты жағдайға орай, марқұм Нәбидің өткен өмірінен, қоғамға сіңірген еңбегімен қатар, халыққа жасаған жақсылықтарын, жалпы оқырман қауымға паш етуді, міндетім деп білемін.

Енді сол өткен күнге көз жүгірте қарайтын болсақ, өмірде өзіндік із таңбаларын қалдырған небір жаны жайсаң жандар көз алдына келері анық. Солардың ішінде Жаркент өңірінде өмір сүрген тұлғалар да баршылық. Өткен тарихымызға бармай-ақ, біртіндеп XX ғасырда өмір сүрген Қазақстанның халық суретшісі, тума талант, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Әбілхан Қастеев, Кеңес одағының батыры Хамит Көбіков, жезтаңдай әнші, композитор. Қазақстанның халық артисі Дәнеш Рақышев, дала академиктері атанған Николай Никитович Головацкий, Имэр Арупович Біләлов, Ыбырайымжан Қожахметов, Нүсіпбек Сауранбаев, медицина ғылымының кандидаты, доцент Қожахан Шәкенов сияқты зиялы азаматтарымыздың тізімі ары қарай жалғаса беретіні белгілі.

Солардың қатарына енетін, елеулі еңбегімен көзге түскен, елі үшін еш нәрседен тартынбаған, аяулы жанның бірі – Сәріпқов Нәби Құмарбекұлы екені сөзсіз. Мен Нәбиді бала кезімнен білсем де, тікелей араласып жұмыс істеуім 1991 жылы Қожахметов Ыбырайымжан аға колхоздан үлесін алып, жеке шаруа қожалығын құрып бөлініп шыққаннан кейін, колхозға жаңа басшы болып Нәби Құмарбекұлы сайланған кезден басталды. Басқарма басшысы болып сайлана салысымен Киров атындағы колхоздың атын өзгертіп, Әбілхан Қастеев атындағы ұжымшар етіп қайта ұйымдастырды.

Алматыда тұратын менің таныс мүсіншім Марат Әйнековпен шарт жасасып, Әбілхан Қастеевтің мүсінін жасатып келуіме және

оны Алтүйдегі мәдениет үйінің алдындағы Киров ескерткішінің орнына Ә.Қастеевтің мүсінін орнатуыма қолдау көрсетіп, ұжымшар қорынан қаражат бөлген де Нәби болатын.

Аудан көлемінде болып жататын барлық іс-шаралардың басы-қасында болып, ынгалы түрде ат салысатын. Ауданымызда өткен тарихи «Орбұлақ шайқасының» 350 жылдығының жоғары деңгейде өтуіне аудан басшыларымен бірге бар күшін жұмсады. Сол жылдары облыс көлемінде «Баллық би әулие», «Ескелді би әулие» кесенелерінің ашылуына, ұжымшар атынан үй тігіп барып, мәдени іс-шаралардың өз деңгейінде өтуіне айтарлықтай үлесін қосты.

Ауданымызда «Қазақ тілі қоғамын» құрып, оның алғашқы президенті болып, толыққанды жұмыс істеп кетуіне жанашыр болған да Нәби болатын.

90-жылдары аудан, облыс көлемінде жаңадан өркен жайып келе жатқан ақындар айтысының өтуіне де жанашыр, білікті ұйымдастырушы бола білді. Нәдек ауылындағы көне мектептің орнына жаңа мектеп салып беруді де кезектен тыс жүзеге асырды.

Нәби ұжымшарды ең қиын кезеңде басқарды. Ұжымшар мүшелеріне еңбек ақы төлеу үшін мал өнімдерін басқа қажетті заттармен айырбас (бартер) жасау арқылы қаражат табу белең алып тұрған кез. Мұндай жағдайлар барлық жерде, ауданымыздың барлық шаруашылықтарында болып жатты. Өкінішке қарай осындай айырбас үшін Нәбидің үстінен «домалақ арыз» жазып, тексерушілер тергеуге алып, Нәбидің толыққанды жұмыс істеуіне кедергілерін тигізіп жатты. Тексерістен тексеріс Нәбидің жүйкесін әбден тоздырды. Соған қарамастан атпал азамат елі үшін еңбек етуін жалғастыра берді. Осындай кезде ауыл адамдары мен ақсақалдары Нәбиге ара түсіп, аудан әкімі Әділшайық Ыбырайымолдаевқа ашық хат та жолдаған екен. Сол ашық хатта біздің шаруашылықтың жағдайы басқа шаруашылықтан көп ілгері екендігін, шаруашылық мүшелеріне еңбек ақылары уақтылы беріліп, азық-түлікпен де қамтамасыз етіліп тұратындығы айтылған. «Бұл туралы өзіңіз де жақсы білесіз. Өткендегі шаруашылықтың жалпы жиналысында өз аузыңыздан естіген болатынбыз. Ауыл адамы болсақ та, Ауданның жаңалығына, табыстарына, газет арқылы және әр дүйсенбіде ауданымыздың жетістіктерімен таныстыратын «Алау» телеарнасының жаңалықтарына да, құлақ түріп отырамыз. Мұнда да біздің шаруашылық туралы мақтау сөздер айтылып жатады. Осылардың барлығы бостан-босқа айтылған сөздер болғаны ма? Міне осындай жағдайларды саралай келе біз ауыл адамдары Сізден арызқойлардың ісіне тойтарыс беруіңізді, қажет болған жағдайда «Домалақ арыз» иелерін анықтап шара қолдануыңызды өтінеміз. Аса мәртебелі әкім мырза, Сіз біздің осы ашық хатымызға үлкен жауапкершілікпен қарап, салиқалы оймен мән береді деп сенеміз».

Осы ашық хат жазып отырған ауыл адамдарының ой-пікірлерінің өзінен-ақ Нәби Құмарбекұлының елге қандай сыйлы азамат болғандығын көруге болады.

Қайран кемшін дүние-ай десеңші. Жақсы адамның жақсылығын көзі тірісінде бағалай алмайтындығымыз, өкінішті-ақ!

«Аққа Құдай жақ» деген. Жазылған «домалақ арыздар» аудан әкімінің қолдауымен негізсіз деп табылып, жабылған жала екендігі анықталды. Адал еңбегінің арқасында 1993 жылы «Жаркент-Агро» акционерлік қоғамын құрып, бес жыл сонда бас директор қызметін атқарды. 1998-2000 жылдар аралығында ауданымыздың ауыл шаруашылық басқармасының бастығы, аудан әкімінің орынбасары лауазымын атқарды. 2001 жылдан

өмірінің соңына дейін «Әйгерім» элиталық тұқым өндіруші шаруа қожалығын құрып, соған басшылық жасады. Көптеген мемлекеттік наградалармен, Елбасының алғыс хатымен марапатталған азамат.

Марқұм Нәби қайтыс боларынан бір жеті бұрын Талдықорғанға Головацкий ауылынан алатын бір құрылыс мүлкін заңдастырып алу үшін келіпті. Сол күні өзіңізге арнайы салам бере кетуге келдім деп біздің үйге келіп дәм татқан еді. Соңғы рет көріп отырғанымыз қайдан білейін. Кәзір ойлап қарасам, сол күні менімен мәңгілікке қоштасып кетуге келгендей болып көрінеді. Өмірінде көрген небір әділетсіз жалалардың жүрегіне салған сызаттарының салдары 56 жасқа қараған шағында бақилық дүниеге алып кетті. «Бір кем дүние-ай» деген осы екен-ғой!

«Орнында бар – оңалар» дегендей ағалары, інілері әрқайсысы өз кәсіптерімен айналысып жүрген, ынтымағы жарасқан, берекелі отбасының иелері. Інісі Рамазан белгілі қоғам қайраткері, профессор, Қостанай, Алматы облыстарының құрметті азаматы. Ең кіші інісі Төлеу Панфилов аудандық ауыруханасының бас дәрігері, облыстық мәслихаттың депутаты.

Нәбидің үлкен ұлы – Мәди Алматы облыстық прокуратурасында аппарат басшысы қызметін атқарады. Екі ұл, екі қызы бар. Нәбидің екінші ұлы – Қуат Нұр-Сұлтандағы Бас прокуратурада басқарма прокуроры, бір ұлы бар. Нәбидің кіші ұлы – Ұлан әкесінің ісін жалғастырушы жеке кәсіпкер, аудандық мәслихат депутаты, төрт ұлы бар. Нәбидің кенже қызы – Әйгерім кішігірім кәсіппен айналысады, төрт баласы бар. Кәзір кішкентайымен демалыста отыр. Нәбидің сүйген жары Жаңыл үлкен ұлы Мәдимен бірге Алматыда тұрады, зейнеткер, ұлағатты ұстаз. Ұрпақ жалғастығы деген осы болар.

Нәбиге жазған естелігімді, оған арнап шығарған өлең жолдарымен тұжырымдайын.

Ұлтжанды, озық ойлы азамат ең,
Ерекше інім едің пейілің кең.
Қарасам талай жанмен салыстырып,
Аз екен азаматтар өзіңе тең.

Тер төктің, еңбек еттің елің үшін,
Ел байқар осындайда ердің күшін.
Атқарған еңбектерің толып жатыр,
Ұрпаққа айтарлықтай үлгі үшін.

Шарқ ұрып үгіттедің дәстүр-салтын,
Сондықтан құрметтеді Сені халқың.
Атқарған еңбегіңнің жемісі сол,
Ел есінде өшпестей қалды атын.

Ер едің өр мінезді, тайсалмайтын,
Жат қылық өзіңнен еш байқалмайтын.
Шырылдап шындық үшін күрескенде,
Бойыңнан жігер күшін, сарқылмайтын.

Кей жанға жақпады осы қылықтарың,
Себебі аштың талай былықтарың.
Ауыр сызат салса да жүрегіңе,
Шыдадың жаласына қырсықтардың.

Ақыры сол сызаттан жастай кеттің,
Аяғыңмен жаман жол баспай кеттің.
Сыр берген жүрегіңнің сызатынан,
Бұл фәни жалған дүниені тастай кеттің.

Орнында Жаңылдайын жан-жарың бар,
Арманыңды жалғайтын ұрпағың бар.
Бұғанда мың мәртебе, тәуба дейік,
Олардың да шығар биік шыңдары бар.

Ел жадында қаласың күндей болып,
Бұрынғы Ұлылармен теңдей болып.
Болашақ жастарымыз өссе екен,
Өнегелі, ұлт жанды Сендей болып.

Ең бастысы орныңды жоқтатпай, түтініңді түзу шығарып отырған Жаңылдай аяулы жарың мен туған-туыстарың, ұл-қыздарың ел-жұртыңмен ара-қатынастарың өзін бар кездегідей сақтап, тектіліктерің танытып отыр. Жаңыл келінім мен туыстарыңның осындай береке бірліктері мол, туыстық қарым-қатынастарына ризашылығымды білдіремін!

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болып, Алла-тағала иман байлығын бергей!



Нәби ауылдастарының ортасында

Ғабдулла БАЙНӨСЕРОВ.
Талдықорған.

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Заңы
2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысына енгізілу тәртібін 21-баптан қараңыз. Қолданушыларға қолайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

1-БАП. ОСЫ ЗАҢДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;

2) педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары;

3) педагогтік әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымында құрылатын, педагогтердің педагогтік әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган;

4) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі.

2-БАП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫ

1. Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғандардан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-БАП. ОСЫ ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Осы Заңның күші мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, мамандандырылған, арнаулы білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ әдістемелік кабинеттерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге қолданылады.

Әскери оқу орындарының педагогтеріне осы Заңның күші "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктермен қолданылады.

4-БАП. ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

1. Қазақстан Республикасында педагогтің ерекше мәртебесі танылады, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

2. Білім беру саласында кәсіптік қызметін жүзеге асырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ұйыммен еңбек қатынастарында болған кезеңде адам педагог мәртебесіне ие болады.

3. Педагог лауазымдарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5-БАП. ПЕДАГОГТІК ӘДЕП

1. Педагогтік әдеп заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаларына негізделеді.

2. Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және педагогті Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.

3. Педагогтік әдепті білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

6-БАП. ПЕДАГОГТІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс беруші педагогке ол кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

2. Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:


1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;

2) одан Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;

4) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол берілмейді.

3. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін



олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.

7-БАП. ПЕДАГОГТІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагогтің:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан қасібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жана әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

17) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағалымдамадан өтуге;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының

актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

2. Педагогтің осы баптың 1-тармағында көзделген құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

8-БАП. ПЕДАГОГТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ ҚҰҚЫҒЫ

1. Мемлекеттік ұйымдарда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Жекеменшік білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің еңбегіне ақы төлеуді олардың құрылтайшылары немесе соған уәкілеттік берілген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

2. Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекітеді.

3. Мемлекеттік білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақша 01.09.2021 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР 26.12.2019 № 293-VI Заңымен.

1) 16 сағат – орта білім беру ұйымдары үшін;

2) 18 сағат:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаның екінші абзацының осы редакциясы 01.09.2021 дейін тоқтатыла тұрады - ҚР 26.12.2019 № 293-VI Заңымен (қолданыстағы редакциясын осы Заңның № 293-VI қараңыз).

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін;

білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру ұйымдары үшін;

мамандандырылған және арнаулы білім беру ұйымдары үшін;

3) 24 сағат:

мектепке дейінгі ұйымдар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтары, білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптары үшін;

балалар мен жасөспірімдердің спорттық білім беру ұйымдары үшін;

4) 30 сағат – интернаттық ұйымдардың, демалыс лагерьлерінің, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары жатақханаларының тәрбиешілері үшін;

5) 25 сағат – арнайы білім беру ұйымдарының және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиешілері үшін белгіленеді.

4. Мемлекеттік ұйымдардың педагогіне негізгі жұмыс орны бойынша:

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде;

ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі үшін – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 17 еселенген мөлшерінде, ғылым докторы ғылыми дәрежесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 34 еселенген мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

5. Мемлекеттік орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке негізгі жұмыс орны бойынша ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистр дәрежесі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

6. Жергілікті атқарушы органдар педагогтерге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 300 еселенген мөлшерінде сыйақы түрінде қосымша ынталандыру төлемдерін белгілеуге құқылы.

9-БАП. ПЕДАГОГТІҢ КӨТЕРМЕЛЕНУГЕ ҚҰҚЫҒЫ

1. Адал еңбегі және өзінің кәсіптік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ ұйымның ішкі тәртіп қағидаларында көзделген көтермелеулер қолданылады.

2. Педагогтің аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін оған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағы беріледі.

"Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағына ие болған педагог республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінде біржолғы төлем алады.

3. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасындағы халықаралық олимпиадалардың, конкурстардың және спорттық жарыстардың жеңімпазын, жүлдегерін дайындаған педагогке тиісті мемлекеттік білім беру ұйымының қызметі бойынша үнемдеу есебінен үш лауазымдық айлық мөлшерінде біржолғы сыйақы төленеді.

4. Жергілікті атқарушы органдар біржолғы сыйақы төлей отырып немесе онсыз, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды тағайындау және ынталандырудың өзге де нысандары арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелік күндерге орай педагогтерді көтермелеудің қосымша шараларын белгілеуге құқылы.

Жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін жергілікті атқарушы орган айқындайды.

5. Жыл сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен "Үздік педагог" атағын иеленушіге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде және тәртіппен сыйақы төленеді.

10-БАП. ПЕДАГОГТІҢ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ

1. Педагогтік білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар адамдар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының базасында педагогтік қайта даярлаудан өтеді.

2. Педагогтік қайта даярлау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Осы баптың нормалары қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адамдарға қолданылмайды.

11-БАП. ПЕДАГОГТІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІМЕН АЙНАЛЫСУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ШЕКТЕУ

Педагогтің кәсіптік қызметіне:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, психиатриялық және (немесе) наркологиялық есепте тұрған;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттары жоқ адамдар;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде жіберілмейді.

12-БАП. ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР

1. Педагогтерге:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

тұрғынжайға, оның ішінде қызметтік тұрғынжайға және (немесе) жатақханаға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне кепілдік беріледі.

Ауылдық елді мекендерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басымдық тәртіппен жүзеге асырылады;

3) ұзақтығы күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;

4) өздеріне кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыға кепілдік беріледі.

2. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктері білім беру саласындағы уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітетін қағидаларда айқындалады.

3. Педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдардан орындарды жергілікті атқарушы органдар бірінші кезектегі тәртіппен береді.

4. Педагог Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз ететін әлеуметтік кепілдіктерді иеленеді.

5. Ауылдық елді мекенде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді;

2) жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

6. Ауылдық елді мекендерге кәсіптік қызметін жүзеге асыру және тұру үшін келген педагогке жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

7. Жергілікті атқарушы органдар педагогке тұрғынжайды жалдау (жалға алу) үшін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге өтемақы төлемдерін, санаторийлік-курорттық емделуге және демалуға жолдама сатып алу үшін толық немесе ішінара төлемдер, сондай-ақ педагогті әлеуметтік қолдауға бағытталған өзге де жеңілдіктер белгілеуге құқылы.

13-БАП. ТӘЛІМГЕРЛІК

1. Орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогке бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп беріледі.

Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

2. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

14-БАП. ПЕДАГОГКЕ БІЛІКТІЛІК САНАТЫН БЕРУ (РАСТАУ)

Педагогтерге біліктілік санаттар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен беріледі (расталады).

15-БАП. ПЕДАГОГТІҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаларын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның

ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

2. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

16-БАП. ПЕДАГОГТІК ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

1. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің қызметі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде білім беру ұйымы айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

Педагогті тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешім педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы ескеріле отырып, білім беру ұйымы басшысының актісімен қабылданады.

3. Педагогтік әдепті сақтау туралы мәселе қаралған кезде педагогтің:

1) қаралып отырған мәселе туралы ақпаратты жазбаша түрде алуға;

2) қаралып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысуға;

3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке өзі немесе өкілі арқылы заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға;

4) шешімді жазбаша түрде алуға;

5) қабылданған шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

4. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер оның келісімімен ғана жариялануы мүмкін.

17-БАП. ПЕДАГОГТІ КӘСІПТІК ДАЯРЛАУ

1. Педагогті кәсіптік даярлау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Педагогтерді кәсіптік даярлаудың білім беру бағдарламалары педагогтің кәсіптік стандартының талаптары негізінде әзірленеді.

18-БАП. ПЕДАГОГТІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

1. Педагог бұрын алған кәсіптік құзыреттерін сақтап-тұру және дамыту мақсатында біліктілігін арттыру курстарынан өтеді, олардан өту тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Педагогтің біліктілігін арттыру мақсатында қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту бір жолы немесе кезең-кезеңмен жекелеген бағыттар мен пәндерді (модульдерді) меңгеру арқылы, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту жолымен жүзеге асырылады.

3. Педагогтер алған білімін практикада іске асыру үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізетін ұйымдар білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен педагогтер қызметін курстан кейінгі қолдауды тегін жүзеге асырады.

19-БАП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

20-БАП. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Заңның 8-бабы 3-тармағы 2) тармақшасы екінші абзаның қолданысы 2021 жылғы 1 қыркүйекке дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін";

21-БАП. ОСЫ ЗАҢДЫ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

Осы Заң, 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 8-баптың 3-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР

(бір актілі драма)

Қатысушы адамдар:

Абай – ақын, толысқан шақта.
Ділдә – Абайдың бәйбәшесі.
Әйгерім – Абайдың екінші әйелі.
Еркежан – Абайдың үшінші әйелі.
Жастар, жігіттер, қыздар.

Сахна: Шымылдық ашық. Жинақы да әдемі жиналған Әйгерімнің үйі. Төрдегі дөңгелек столды айнала Ділдә, Әйгерім, Еркежан отыр. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні естіліп, әйелдер де қосылып ән салып отыр. Үстел үстінде қымыз құйылған әдемі сырлы кеселер. Қымызды сәндеп сапырып Еркежан құйып беріп отыр.

Сахнаның сол жағынан қолына парак қағаз ұстаған Абай шығады. Иығына шапаның желбегей жамылған. Жүзі ашық. Еркежан орнынан тұрып, ізетпен иіледі. Әйгерім Абайды қолтықтап әкеліп дастархан басына отырғызады.

Абай: (толқи сөйлеп) ... Барлықтарын жиналып, ән салып отыр екенсіңдер ғой. Сендердің бағанадан бергі салған әндерің маған терең ой салып, көңілімнің түбіндегі сезімді қозғады.

Ән қандай сиқырлы дүние едің. Адам өмірге келгенде мынау ғаламға әнмен келеді. Сәбидің шыр еткен сүйкімді дауысының өзі өмірдің алғашқы әні емес пе? (Ділдәға қарап). Қайратты кезден, махаббатпен сүйген, жан-жүйемді еріткен жасымдағы әндерімнің бірін айтшы, Ділдәш. Тындаушың мынау Әйгерім, Еркежан, мен болайын. Жол кезіп, есіл-дергі тастай бұлақтың тамшысына аңсары ауған жолаушыдай, менің де құмарым әнге сусап отыр. Басташы, Ділдәш.

Ділдә: Абай-ау, көңілің әнді қалай келген екенсің... ойға салдың ғой. Кейде осылай оңаша отырып, сырласа да алмаймыз. Өзіңмен тек оймен тілдесіп, өлендерің арқылы сөйлесіп, сырласатын сияқтымыз. Әуелі мына өлеңді тыңдашы:

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар.
Әнді сүйсең менше сүй.
Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып.
Жүрегім бойды жылытып...

Осы сөздеріңнің өзі тілге ән болып оратылып тұр емес пе. Ал, тыңдаңдар, бір ән салып берейін.

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әні орындалады.

Жарқ етпес қара көңілім неғылса да,
Аспанда ай мен күн шағылса да.
Дүниеде, сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да.
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табынса да.

Абай: Ділдәш, япырмау, асау жүректің тулаған толқынын кемерінен тасыттың-ау, әнші екенсің, қалай байқамағанбыз...

Әйгерім: (таңдана тіл қатып) Дәкеңнің бұл көп өнерінің бірі ғой, сырт адамы болған соң сырымызды жете білмейсіз-ау.

Абай: Әйгерім, айналам өзекті өртер өрт пен жалғыздық жанымды жегідей жеген дерт пе десем жүрек шерін тарқатар, көңілімнің көгін жайқалтар сендер бар екенсіңдер.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп оятар баста миды.

Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,

Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды,-
демеуші ме еді.

Өзің де бір ән салшы, Әйгерім. Тындаған көңіл бір өссін.

Әйгерім: Балалық шақтан бойға үйір болған өнер еді, ұшқындаған шоқты лаулатқан өлең-әуендеріңіз еді Абай. Сүйіп салатын әнім ғой, қабылдаңыз. *(Ән бастайды).*

Көзімнің қарасы,

Көңілімнің санасы.

Бітпейді ішімде,

Ғашықтық жарасы.

Қазақтың данасы,

Жасы үлкен ағасы.

Бар демес сендей бір,

Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,

Ағызып көз майын.

Айтұға келгенде,

Қалқама сөз дайын.

Жүректен қозғайын,

Әдептен озбайын.

Өзі де білмей ме,

Көп сөйлеп созбайын.

Абай: Шын ғашық адамдарға бұдан артық сый болмас. Махаббатсыз дүние бос екен-ау. Тереңдеп барламай, теңселіп тебіренбей... сансыз жанды мұңайтқан махаббаттың уын жақсы ән ғана қайырады-ау.

Әйгерім: (әзілдеп) Тым толқып, тебіреніп кеткеніңіз жан дүниені жадырататын отбасының жылдарға бергісіз осындай бір жиналатын күндері емес пе. Кейде көңіл алаңдап, далаға ауып, бізді ұмытып кетіп жүрсіз ғой. Әйтпесе, біздің Еркежанның даусы елге мәлім.

Абай: Дүние жиып, пайда қуып жүрген талайсыз тентектер мен тәлімдерді бастықтырам деп жүріп, іргедегі өздеріңді жылы сөз бен аялы алақанға ашықтырып алғаным ба? Кәне, Еркеш, балбармақпен қымызыңды құйып жіберші. Сенің әніңмен сіңіре отырып ішейін.

Еркежан: Әйке, сіз де қиыстырып мақтайсыз. Ел арасындағы шаруаның өзі отағасының да уақытын алып жүрген жоқ па? Соқтықпалы, соқпақсыз жерде жүріп, мың наданмен жалғыз алысу оңай тимейтін шығар. Және естіген жұрт Абай әйелдерін жинап, сауық құрып отыр дер.



Ділдә: Жұрт айтар деп жарық жақпай, бала таппай отырамыз ба? Зәуеде бір сауыққа Абайдың көңілі соққан екен, қысылмандар, айтыңдар.

Абай: Еркежан, бұл күндері сөз ұғарлық кісілер бірен – саран. Жалпақ жұртқа жақсын деп арзан, ойсыз ұлағат айта алмаймыз. Ән салшы. Ән көңілдің ажарын кіргізеді.

Еркежан: Осы әніңізді шын көңіліммен сүйіп айтушы едім, айтайын. *(Желсіз түнде жарық ай әні)*

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы,

Сыбырласып өзді – өзі.

Көрінбей жердің топырағы,

Құлпырған жасыл жер жүзі.

(Соңғы шумақты бәрі қосылып айтады).

Тау жаңғырып, ән қосып,

Үрген ит пен айтаққа.

Келмең пе едің жол тосып,

Жолыңа аулаққа?

Абай: Пәлі! Сендер маған сәт сайын ыстық тартып барасыңдар. Сендердің ықыластарыңа бар дүниені тәрк етуге бармын. Енді міне бір сәт тыңдандаршы. Ділдә, ұғыншы мені, Әйгерім, Еркежан, менің сендерге жүрегімнің не дерін. *(Абай қолындағы қағазға қарай отырып «Жігіт сөз. Айттым сәлем қаламқас» әнін орындайды).*

Айттым сәлем, қалам қас,

Саған құрбан мал мен бас.

Сағынғаннан сені ойлап,

Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,

Туса туар, артылмас.

Бір өзіңнен басқаға,

Ынтықтығым айтылмас.

Асыл адам айнымас,

Бір бетінен қайрылмас.

Көрмесем де, көрсем де,

Көңілім сенен айырылмас.

Ділдә: Япырмау, мұншалықты жүрек тербейтін өлеңді, әнді шығарып отырған сені де жұрт жазғырып жүр – ау.

(Осы кезде сырттан дуылдасып бір топ қыз-бозбалалар кіреді.)

1-жігіт: Абай аға!

1-қыз: Абай аға!

1-жігіт: Абай аға! Қыз – бозбала жиылып, алты бақан құрылып, думанды бастайық деп тұрғанда ...

1-қыз: Сіз жаңа өлең жазыпты, ол қыз бен жігіттің қоштасуы екен деп естіп ...

1-жігіт: Абай аға! Естіп үлгеріп, әп – сәтте жаттап та үлгердік. Сізге әнің әуенін де тыңдатқалы келіп тұрмыз.

Абай: Кейінгінің жастары-ай, алабұртқан, алдың өрт, артың жалын десе де кесіп өтесіңдер – ау. Кәне, орындап көріңдерші.

1-жігіт: *(«Онегиннің Татьянаға хаты» әнін орындайды).*

Таңғажайып бұл қалай хат,

Мағынасы – алыс, өзі жас?

Сөзі орамды, әр түрі жат,

Және әдепті, және рас.

Жас жүректің толқынын дөп,

Жаз алыпсың толтырып.

Бойды жеңіп бұл асыл леп,

Тұрды титық көп құрып.

Тіл буынсыз, бой таза гүл,

Ақылы артық, ары зор.

Ол – перизат, ойла өзің біл,

Не болады болса қор?

1-қыз: *(Татьянаның әнін орындайды).*

Тәңірі қосқан жар едің сен,

Жар ете алмай кетіп ең.

Ол кезімде бала едім мен,

Аямасқа бекіп ең.

Талақ етіп бұл ғаламды,

Болды мәлім кеткенің.

Кінәсі жоқ жас адамды,

Қатты соққан не еткенің?

Елжіреген жас емес пе ем?

Еппен айтсаң жұбатып.

Мен ғашыққа мас емес пе ем?

Кетсең еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ең,

Мен киіктің лағы ем.

Тірі қалмың өлмей әрең,

Қатты батты тырнағың.

(Жігіттер мен қыздар бәрі қосылып екі дауыспен соңғы екі шумақты бірге айтады).

Бұл кінә емес, әншейін наз,

Сағынамын айтамын.

Досың-ақпын, тағдыр араз,

Толғанамын қайтемің.

Жар табылмас сен секілді,

Мен де сендей сорлы зар.

Қол аяғым берік бекілді,

Енді ненің орны бар?

(Ән аяқталарда шымылдық жабылады).

Абайдың дауысы естіледі.

Өзеге көңілім тоярың,

Өлеңді қайтып қоярың.

Оны айтқанда толғанып,

Іштегі дертті жоярың.

Сайра да, зарла қызыл тіл,

Қара көңілім оянсын.

Жыласың, көзден жас ақсын,

Омырауым боялсын.

Әуелесін қалқысын,

От жалын боп шалқысын.

Жылай – жырлай өлгенде,

Артағыға сөз қалсын.

Соңы.



**Молот
СОЛТАНАЕВ**

Әкеңің қадірін адам жасы ұлғайған шағында біледі-ау деп ойлаймын. Менің әкем мінезі өте қатал кісі болатын. Кей кездерде ол ашуланғанда бәріміз кірерге тесік таппай қалатынбыз. Сондықтан да бала күнімізде әкемізді сыйлаудан гөрі қорқымыз көбірек болған шығар.

Ал анамыздың мінезі керісінше өте жұмсақ, мейірімді әрі сабырлы адам еді. Әкемізге ешқашан қарсы сөз айтып көрмеген, үнемі ыңғайына қарай жүретін кісі болатын. Әкем 18 жасында майданға алынып, соғысқа кеткен. 7 сыныптық қана білімі бар, бір ауыз орысша сөз білмейтін қазақтың қара баласы еді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген қазақтың сөзінің дәлелі осы шығар, бойының биіктігі бір жарым метрден сәл асатын әкеміз жеті баланы көретін жарығына орай бес жылғы сұрапыл қырғын соғыстан аман келіпті. Алла тағала әкемізді жауып тұрған қалың оқтың арасында жүріп, бір жаракатсыз аман-есен оралуына нәсіп етіпті. Соғыста әкем барлаушылар ротасында болыпты. Бойы кішкене, өзі қазақ болғасын қаруластары орыстар «Казаченок» дейді екен. Бірнеше рет майдан шебіне барлауға барыпты. Әр барлауға шыққанда сайын «осы соңғы жорығымыз, қайтып оралмаймыз» деп қоштасып кететінбіз дейді әкем. Жауды жеңіп одан кейін тағы екі жыл жүріп 1947 жылы аман-есен елге оралыпты. Туған жеріне Шолақ-Қорған ауылына келіп анамыз екеуі танысып, отбасын құрып бейбіт еңбекке кіріседі. Жеті баланы дүниеге әкеліп, бәрін оқытып, мамандық әперіп, үйлі-жайлы етіп өсіріп жеткізді. Гидрометео станцияда үзбей 40 жылдай еңбек етті. Еңбек кітапшасында жұмысқа кірді деген бірақ жазу болыпты. Екіншісі зейнетке шықты деген жазу екен. Мен өзім үйдің ең кенже баласы болсам да әке-шешеммен бірге ауылда тұра алмадым. Орта мектепті бітіріп, арман қуып Алматыдағы Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваторияны бітірген соң басқа облысқа жолдамамен жұмысқа кеттік. Одан жұмыс бабымен басқа облысқа ауысып, сөйтіп үнемі ауылдан алыста жүрдім. Кейін әкем мен анам екеуі дүниеден бір жылы өткенде неге сол кісілердің қасында болмадым екен деп өкінгеннен өзегіме өрт түсті. Биылғы 2020 жылдың 9 мамырында Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 75 жыл толады. Біздің осындай бейбіт, мамыражай заманда өмір сүруіміз қан майданда қатыгез жауға қарсы тұрып, оларды талқандаған сол ержүрек әкелеріміздің арқасы. Олардың ерен ерлігін ешқашан естен шығаруға болмайды. Кешегі күндері

«ӘКЕ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ»

ӘКЕМЕ



дүниеден өткен әкелерге тағзым ретінде «Әкеме» деген күй шығардым, соны оқырмандардың назарына ұсынып отырмын. Еліміз енді соғыс деген қасіретті көрмесін. Аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын.

Асылбек ЖЫНГЫЛБАЕВ,
П.И. Чайковский атындағы
музыкалық колледжінің ұстазы,
Алматы қаласы.

Бала күнімізде отбасы жағдайымыз тым төмен болды. Кедейліктің тақсиреті маған сезілмесе де, шешеме қатты батты. Киер киім, ішер асқа жарымай жүргенде, ол үнемі өз ыдысындағы несібесін маған бөліп берер еді. «Құлыным жей ғой, менің қарным ашқан жоқ» дейтін. Бұл оның үнемі айтатын жалған сөзі еді.

Ер жете бастаған шағымда, базардағы қымбат зат немесе дәрумендер алып беруге шешемнің қалтасында көк тиыны жоқ еді. Үнемі жақын маңдағы өзеннен балық аулап келетін. Мен балық етін жеп, сорпасын ішіп отырған сәттерімде ол үнемі сіренің (үстел) шетінде отырып, балық сүйегін мүжіп отыратын. Анам қайнатқан балық сорпасының дәмі әлі күнге таңдайымда. Үнемі шынысына ет салып берсем, «өзің жей ғой, білесің ғой мен балық етін ұнатпаймын» деп, қайтадан өз ыдысына салып қоятын. Бұл оның екінші жалған сөзі болатын.

Орта мектеп оқып жүрген кезімде, менің оқу және киіміме кететін қаражатымды қамдау үшін үнемі түні бойы мардымсыз ақша үшін тігіншілікпен айналысатын. Түн ортасында оянасаң, бүкшініп отырып, киім тігіп отырған анамды көретіңмін. «Шеше, ұйықтаңызшы, таңертең тағы жұмысқа барасыз» десем, «Ұйықтай бер, құлыным, менің әлі ұйқым келген жоқ» дейтін еді. Ал бұл сәтте, таң ағаруға жақын қалғанын іштей сезіп жататын едім. Бұл оның үшінші жалған сөзі еді.

Жоғары оқу орнына емтихан тапсырар күні мектеп қақпасының алдында,

АНАМ АЙТҚАН ЖАЛҒАН СӨЗДЕР



шақырайған күн астында мені күтіп тұрған анамды көрдім. Өзге ата-аналар секілді дүкеннен салқын су алуға ақшасы жоқ шешем, маған бола қант қосылған қара шәй алып келіпті. Үш сағат бойына мені күтіп тұрған байқұс шешемнің ерні кеберсіп кетсе де, әлі нәр татпағанын білдім. Өзіңіз ішіңіз деп ұсынып ем, «Жаңа ғана іштім, әлі шөлдеген жоқпын» деді. Кесе түбіне анамның мейір-шапағаты тұнғанын сезетінмін. Сарқып ішіп, анамды құшақтадым. Бұл оның төртінші жалған сөзі еді.

Әкем өмірден озғанда анам тым жас еді. Жалғыздықтың азабын аз тартқан жоқ. Тігіншілікпен тапқан аз ғана нәпақасымен мені оқытты, республикалық әйгілі университетке қабылдандым.

Нағашы апайымның жазған хатынан, үнемі жалғыз бас, аккөңіл көрші ағайдың анама көмектесіп, отын-суын әкелісіп, ірілі-ұсақты шаруаларына қолғабыс етіп жүретінін білдім. Апайымның ойы да маған белгілі еді. Әкемді қанша сағынсам да, анамның жанашырсыз, жалғыздығын ойлап, үнемі демалысқа барған кезімде сол ағай туралы айтатын едім. «Әй, өзі бір ақ пейіл жан... бірақ, ұлым... мен оны ұнатпаймын ғой... өз жайың қалай, маған ертерек келін керек» деп күлімсірейтін. Әңгімені басқа жаққа бұра бастағанынан мен оның тағы да жалған сөйлеп тұрғанын сезетінмін. Бұл бесіншісі еді.

Университет бітірген жылы жұмыс жайымен сол қалада қалып қойдым. Жалақым, бір басыма жетпей жүрсе де,

үнемі анама ақша салып тұратын болдым. Бірақ, сол ақшам әр жолы өзіме қайтып келетін еді. Және «Құлыным, менің өз табысым өзіме жетеді. Сен қиналып қалма» деген сөз бар хаттар да келетін. Жыл соңында ауылға қайтқаныма анамның жұмыссыз қалғанын бір-ақ білдім. Сонда ғана оның маған тағы да жалған сөз айтқанын ойлап, көзіме жас іркілді.

Екі жылдан кейін мен Америкадағы бір әйгілі университетте докторлықты оқыдым. Оқуым біткен соң айлығы да жоғары, үлкен бір зерттеу орнының өтінішін кимай, сонда қалып қойдым. Ауылдағы анама ақша да, сыйлықтар да жіберіп тұрдым. Анамды қанша сағынсам да, бала күнінен бері талпынған бұл еңбегімнің жемісін әлі көрмеген едім. Сол үшін қайтпадым. Ал анам «Мен ол жерге көне алмаймын» деп қасыма келуге қарсы болатын. Бұл оның әрі жалған әрі шын сөзі еді.

Анам да қартайды. Бір күні ауылдан шұғыл шақырту келді. Жүрегім аузыма тығылардай үрей мен алаңдаушылық ішінде ауылға жол тарттым. Ауыр асқазан рагына шалдыққан анам емханаға түсіпті. Тәңірден күн сайын анамның амандығын тіледім. Ота аяқталғанда анамның жаны зорға қалған еді. Жанға батқан ауру азабы тіптен қартайтып жіберіпті. Осыншама уақыттан бері күн сайын оны сағынсам да, қадірін ешқашан жете түсінбеймін. Наркоздан әлі оянбаған анамды құшақтап егіліп жыладым. Аз-кем уақыттан соң ғана көзін ашып, маған күлімсіреп қараған анам қауқарсыз саусақтарымен мені қазандай басымнан сипап, «Құлыным, жазылдым ғой міне. Еш жерім ауырған жоқ...» деді. Мен оның ұлына айтқан ең соңғы жалған сөзін естігенімде, көз алдыма аспан ауып бара жатқандай меңзең күй кештім.

Қайсар ҚАУЫМБЕК
massaget.kz

